



Жалағаш жаршысы



«zhalaqash-zharshysy.kz»
ақпараттық агенттіміз



Аудандық қоғамдық-саяси газет

Газет 1934 жылдың 10 қаңтарынан бастап шығады

Бәрекелді!

Елдің мәселесі ескерусіз қалмады

Үлкен жолдың бойындағы Аққұм деген елді мекендеміз, ауылдағы ағайынның негізгі тұрмыс-тіршілігі егін және мал шаруашылығына тәуелді. Атакәсіптен нәсіп бұйырғасын ба, жергілікті жұрт соңғы жылдары ауыл шаруашылығын айтарлықтай ширатқан. Қамбаға құйылған астық көлемі артқан, мал басында да өсім жоқ емес.

Өткен жылды толайым табыспен қорытындылаған аққұмдықтардың биыл да қамбасы астыққа толатын сыңайлы. Бұлай дегімізге де негіз бар. Өйткені алқаптағы егіннің шығымына көз сүйсінеді. Әлбетте мұның бәрі – ауылдағы ағайынның ауызбіршілікпен еңбек етіп, ынтымақты ту етуінің арқасында қалыптасқан нәтиже.

Елді мекеннің бүгінгі тынысын танып, егіс басына бет алдық, тақтайдай тегіс ішкі көшелерден өтіп, көңігі қаражолға түскеніміз сол еді, қос техникадан құйылған цементтің ертіндісін жерге жайып жатқан 5-6 адамды көз шалды. Бақсақ, бұл ауылдың егіс және жайылым басына алып баратын жол бойындағы көне көпір екен. Аққұмның әкімі Алтынбек Асанбеков те қайнаған жұмыстың бел ортасында жүр. «Ауылға болсын» дейтін азаматтың бірі ғой, сондықтан бүгінгі жарқын жобаның қаржыды жүзеге асуына қуанып жүргенін аңғару қиын емес. Аман-саулық сұрасып, көпір құрылысына қатысты бір-екі сауалымызға жауап алдық.

Сөз басында жергілікті жұрттың егін және мал шаруашылығында табысты еңбек етіп жатқанын тарқаттық. Бірақ соңғы уақытта егіс басына қатынау қиындапты. Төрт түліктің өрісі тарылмағанмен, жайылымға шығатын жалғыз жол осы көпір өткеліне тағы да тәуелді. Не керек, Аққұмдағы ағайынның басында мәселе туындағанда тура барар жалғыз көмекшісі тағы да ауыл әкімі. Мұны естіген Алтекең жарғақ құлағы жастыққа тимей, көне көпірді қалыпқа келтірер демешуі іздейді. Ал оның нәтижесін кеше көзімізбен көріп қайттық.

Сырдың бойында аймаққа аты мәлім «Асыл дән» деген компания бар. Былтырдан бері Жалағаштың Аққұм ауылында да ауыл шаруашылығының ширауына айтарлықтай қолғабыс етуде. Аталған компанияға қарасты «Аққұм-Жер» шаруа қоғамы Сыр салысын күтіп-баптауда көпке үлгі болып



келеді. Үнемі көшелі істердің басынан табылатын шаруашылық биыл ауылдағы көне көпірді қалыпқа келтіруге қырауар қаржы қараған.

– Соңғы жылдары бұл көпірмен қатынау үлкен мәселеге айналды. Өйткені көне көпір уақыт өте сыр берді. Жергілікті жұрттың егіс басына қатынайтын жалғыз жолы осы. Төрт түліктің арғы беттегі өрісіне баратын жол да жалғыз. Не керек, соңғы уақытта бұл шаруашылықтардың ғана емес, ауласында мал ұстайтын тұрғындардың да түйткілді мәселесіне айналды. Жобамен есептеп қарасақ, қайта қалыпқа келтіру қыруар қаржыны қажет етеді. «Аққұм-Жер» шаруа қоғамының төрағасына осы мәселемен барғанда бетімді қайтармады. Керісінше «елге салмақ болған мәселе болса, оны неге шешуде жұмыс жасаймыз» деп қолдай кетті. Тіпті арасын суытқан жоқ, тамыздың екінші онкүндігінде осы мәселені назарына салдым. Көп ұзамай көпір құрылысы басталып кетті, – дейді ауыл әкімі Алтынбек Асанбеков.

Құрылыс басында шаруашылық төрағасы Рустам Сәрсенбаевтың өзі де жүр. Ширақ қимылы оның төрағалықтау етіп отыра қалмағанын анық аңғартты. Адал еңбекпен еңсе тіктеген атпал азаматтың өзі де ауыл жанашыры екен. Ауызын бақсақ, алдағы уақытта Аққұм-

ның екінші тынысын ашуға дайын тұр.

– Былтырдан бері осы ауылда егін шаруашылығымен айналысамыз. Сондықтан мұның жергілікті жұртқа қандай қиындық тудырып отырғанын да жақсы білеміз. Жаман айтпай, жақсы жоқ, алда-жалда апат болса, «Неге алдын алмадық?» деп құр сан соғып отырғаннан сақтасын. Техника, мал шығынын көптеп қалыпқа келтірерміз, құдай сақтасын, бірақ халық жазым болып жатса, оның орнын қайтып толтырамыз? Сондықтан ауыл әкімінен бұл мәселені естіген бойда іске кірісіп кеттік. Бұйырғаса, тамыздың соңына дейін елдің көне көпірге қатысты бұл мәселесін шешіп береміз. «Сақтансаң, сақтайды» деген, кез келген мәселенің алдын алсақ, халыққа да, бізге де тиімді. Біз үшін ауыл тұрғындарының талап-тілегі бәрінен маңызды. Сондықтан елдің мәселесін ескерусіз қалдырмауды жөн көрдік, – дейді Рустам Сәрсенбаев.

«Аққұм-Жер» шаруа қоғамы өткен жылы межелеген өнімге қол жеткізген. Сыр салысының гектарынан 50 центнер орташа өнім алыпты. Дикандардың алды 65 центнерге дейін өнім жиган. Төрағаның мұндай нәтижелі жұмыс жасаған қарапайым еңбек адамдарына қаржылай қолдау көрсететіні айтпаса да түсінікті. Мәселен, Мәжіліс деп осы шаруашылықтың үздік еңбек еткен аза-

маттары жалақысынан бөлек қаржылай сыйлыққа ие болған. Бұл да ауыл еңбеккерлеріне үлкен шабыт беретіні анық.

Биыл да жергілікті шаруашылық мың гектар алқапқа күріш еккен. Мұнан бөлек жоңышқа мен бидайы тағы бар. Жалпы шаруашылық ротацияға аса мән беріп, суды аз қажет ететін дақылдарға басымдық беруде. Әзірге Сыр салысының шығымы бөтен емес. Бұл да – дикандардың жаздай аптап ыстықта тынымсыз өткен еңбегінің жемісі. Қазіргі таңда жергілікті шаруашылық 80-ге жуық ауыл азаматын жұмыспен қамтып отыр.

Рустам Сәрсенбаев көне көпірді қалыпқа келтіруге 10 млн 150 мың теңге қаражат қарағандарын айтады. Бірақ мұнымен шаруа бітпейтін сияқты, өйткені алдағы уақытта осы көпірдің басқа да ұсақ-түйек жұмыстарына тағы да қаржы бөлмек. Қазіргі таңда «Асыл дән» ЖШС-ның тапсырысымен мердігер мекеме «Герконтур» ЖШС көпір құрылысын қарқынды жүргізуде.

Бұл шаруашылықтың ауылдың мәселесін шешуге жасаған соңғы қолғабысы емес. Өйткені шаруашылық төрағасы алдағы уақытта да елді мекеннің еңсе тіктеуіне, ауылдың абаттануына жұмыс жасап, басқа да жарқын жобаларды жүзеге асыруға ниетті.

Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Ел жаңалықтары

Президенттің ауыл шаруашылығының жалпы өнім көлемін екі еселеу жөніндегі тапсырмасын орындауға арналған Жол картасы аясында Ауыл шаруашылығы министрлігі егіс алқаптарын әртараптандыру шараларын күшейтуде. Биыл еліміздегі жалпы егіс көлемі 322,8 мың гектарға артып, 23,6 млн гектарға жеткен. (2024 жылы – 23,3 млн гектар). Соның ішінде дәнді және дәнді-бұршақты дақылдар алқабы 630 мың гектарға азайып, 16 млн гектарды құраған. Ал бидай егістігі 884,6 мың гектарға қысқарып, 12,3 млн гектар болды.

Егісті әртараптандыру қарқыны күшейді



Сала министрлігінің мәліметіне сүйенсек, босатылған жерлер анағұрлым табысты дақылдарға берілген. Күнбағыс рекордтық 1,8 млн гектар аумақта егілді. Бұл өткен жылмен салыстырғанда 481,5 мың гектарға артық.

Картоп егістігінде де өсім бар. Көлемі 9,3 мың гектарға артып, 131,2 мың гектарға жетті. Оның ішінде ұйымдастырылған шаруашылықтардағы өсімі 12,5 мың гектарды құрап, 84,5 мың гектарға жетті.

Сонымен қатар суармалы дақылдар алқабы азайтылып жатыр. Биыл мақта 144,5 мың гектар жерге егілді, оның ішінде 50 мың гектары тамшылатып суарумен қамтылған. Қызылорда облысында күріш алқабы 85,6 мың гектардан 80,9 мың гектарға дейін қысқарды.

Егісті әртараптандыру ішкі азық-түлік балансын нығайтуға, жекелеген дақылдарға тәуелділікті азайтуға, агроөнеркәсіптік кешеннің тұрақтылығын және фермерлердің табысын арттыруға мүмкіндік береді. Ал жер ресурстарын неғұрлым ұтымды пайдалану елдің азық-түлік қауіпсіздігінің негізіне айналуға тиіс.

Жаңа мәзір қандай болады?

Елімізде мектеп асханаларына арналған жаңа ас мәзірі бекітілгені жатыр. Бұл туралы ДСМ Санитариялық-эпидемиологиялық бақылау комитетінің басқарма басшысы Гүлшарат Қожатова айтты.



Ол денсаулық сақтау жүйесін дамыту үшін маңызды мақсат қойылғанын айтады. Оның бірі – 4-10 жас аралығындағы балалар арасында семіздік деңгейін төмендету. Ол үшін мектептегі балалардың дұрыс тамақтануы аса маңызды. Сондықтан жаңа стандарт енгізілуде. Оны әзірлеуге халықаралық сарапшылар тартылған. Онда ас мәзірінде қанттың мөлшері 3,6 есеге, тұз мөлшерін 5 есеге төмендету қарастырылған.

Сондай-ақ спикер жаңа мәзір әлі нақты бекітілмегенін атап өтті. Қазіргі уақытта ас мәзірінің бірнеше үлгілік нұсқасы дайындалған. Олар ұсыным ретінде беріліп отыр. Нақты мәзірді әр өңірдің денсаулық сақтау басқармалары бекітетін болады.

Ұсынылған нұсқаларды сол күйі бекітуге немесе ата-аналардың, балалардың ұсыныстары бойынша сол өңірдегі тамақ өнімдерінің асортиментіне қарай толықтырулар енгізуге болады. Бастысы, алмастырылатын тамақ өнімдерінің құнарлылығы талапқа сай болуы керек. Гүлшарат Қожатова қазіргі таңда осыны бекіту бойынша жұмыс істеп жатқанын айтты.

Ерлан АНУАРҰЛЫ

Маман мерейі

Бала жанының бағбаны

Назгүл Тұрсынованың тәрбиеші болып қызмет етіп келе жатқанына 20 жылдан асқан. Ең алғаш еңбек жолын Аққұмдағы «Шұғыла» балабақшасының бұрынғы ғимаратында, яғни 1992-1997 жылдары аралығында тәрбиеші болып бастаған. Кейін араға бірнеше жыл салып, 2007 жылдан бері №7 «Шұғыла» бөбекжай-бақшасында еңбек етіп келеді.

– Қиындығы мен қызығы қатар жүретін бұл мамандықты мектеп бітірер шақ таяғанда ата-анаммен ақылдаса келе таңдаған болатынымын. Өзіме баламен жұмыс жасаған ес білгеннен қатты ұнайды. Балалардың сыңғырлаған күлкісі жүзіме қуаныш сыйлап, кез келген адам бойындағы ауыртыпалықты әл сәтте жиып алады. Менің басты мақсатым – балалардың шығармашылығын дамытып, дүниетанымын кеңейту. Оларды жалықтырып алмау үшін күнде сабаққа әртүрлі жаңа әдістер қолдануға тырысамын, – дейді ол.

Иә, тәрбиеші болу үшін баланың тілін таба білу керек немесе баламен бала болу керек. Осы қағиданы естен шығармаған кейіпкеріміз балаларға «қатал алай» емес, «жақын дос» болуда. Ол барлық баланы өз баласындай бауырына басып, бойына адалдық, үлкенді сыйлап, кішіге қамқор болу сынды ізгі қасиеттерді сіңіруде. Әр шаңырақты шаттыққа көңелтен бұлдіршіндердің еркелігін көтеріп, төңігін тегзе салып, олардың көңілін тауып жүрген кейіпкеріміз әр баланың жүрегін ерекше мейірімділігімен жол таба білген.



Назгүл – қолөнер шебері. Бала күнінен анасының жанында жүріп кілем тоқуды үйренген. Нақтырақ айтсақ, ең алғаш 10 жасында текемет тоқи бастаған. Сондай-ақ сурет салып, шаш қиюға да әуес болған, яғни мектеп қабырғасында жүріп қасындағы құрбыларының шашын қиып, әсемдеудің шебері болған. Ол тәрбиеші мамандығын ата-анасымен ақылдасып таңдаған. Негізі таңдауы суретші мамандығына түскен. Бұл мамандықта білім алмауына сол кезде Қызылордада аталған мамандық бойынша оқытатын оқу орны болмағаны себеп болған. Ал анасы кейіпкерімізді басқа қалаға жібергісі келмей, Қызылордада оқып шығуын сұраған. Осылайша ата-анасының қалауымен кейіпкеріміз Назгүл тәрбиеші маманы болуға бел буған.

Тәрбиеші болып еңбек етсе де кейіпкеріміз бала күні арманынан алыстамапты. Ол қазіргі таңда балабақшада тәрбиешілікпен қатар сурет салудың қыр-сырын үйретіп, оларды қолөнерге баулуға. Сондай-ақ балабақша ішіндегі және қабырғалардағы көрнекіліктің барлығы кейіпкеріміздің қолынан шыққан. Кіргеннен көздің жауын алар түрлі мультфильм кейіпкерлерінің мүсіндерін байқадық. Сурастырсақ, бұл жұмыстар да кейіпкеріміздің қолынан шыққан, төл тұлғалары екен. Айтуынша, ол көрнекіліктен бөлек жарыстарға да қатысып, шығармашылығын шыңдап тұрады. Нақтырақ айтсақ, Бұқарбай батырдың 100 жылдығына орай өткен жарыста оның мұнымен гипс арқылы жасап, і орын иеленген. Бір қызығы, кейіпкеріміз сурет

салу, немесе мүсіндеу өнері бойынша еш жерден білім алмаған. Барлығы анасынан дарыған таланттың бойына құт болып қонғанының арқасы. Қызметімен қатар отбасының да берекесін кіргізіп отырған Назгүлдің 4 қызы бар. Жолдасы екеуі – 3 қызын құтты орнына қондырып, олардан 10 немере сүйіп отырған бақытты ата-әже. Оның қыздары да өнерден кенде емес. Тәрбиеші қандайда бір ашық сабақ өтетін кезде балабақшаны безендіру немесе көрнекілік жұмыстарына қыздарының қолғабыс ететінін айтады. Назгүлден дарыған қабілет бүгінде қыздарының балаларында, яғни немерелерінің бойынан байқалған. Айтуынша, үлкен қызының баласы сурет салу өнері бойынша облыстық кезеңнен республикаға жолдама алған.

Айта кетейік, 20 жылдан астам тәжірибесі бар білікті маман осы уақытта дейін 4 топты мектепке шығарып салған. Балабақшаны бітіріп кеткен балалармен байланысын үзбеген тәрбиеші олардың күнделікті сабақта алған бағалары мен жеткен жетістіктеріне қуанып отыратынын жеткізді.

– Балабақшадан түлеткен алғашқы тобым қазіргі таңда жоғары оқу орнын бітіріп, ел игілігі үшін ерөн еңбек етуде. Ауыл өзіміз байқағандай кішкентай, көшеден бір-бірімізді жиі көріп тұрамыз. Алыстан танып, жүгіріп келіп амандасып тұрады. Мектептегі мұғалімдерден үнемі оқушыларым туралы жақсы пікір естімін. Маған көбіне ұстаздар «сіздің тобыңызда болған оқушылар суретті жақсы салады, жазуды да жақсы меңгеріпті, еш қиналмадық» деп айтып жатады. Біз үлкен топтармен көп жұмыс жасаймыз. Қаламсалты қалай дұрыс ұстау керекін, дәптерді бөлмей, сызықтан шығармай түзу жазуға дейін үйретіп, мектепалды даярлық тобына дайын жібереміз, – дейді ол.

Білікті маман – бүгінде педагог-модератор. Расында тәрбиеші – балабақша тірегі. Бала жанының бағбаны қандай болса, бұлдіршіндер де сондай болмақ. Кейіпкеріміз Назгүл барда «Шұғыладан» өнерлі өрендер көптеп шыға бермек.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

«Таза Қазақстан» жобасы: Жалағашта ауқымды жұмыс бар

Мемлекет басшысының бастамасымен жүзеге асырылып жатқан «Таза Қазақстан» экологиялық жобасы өңірлерде ерекше қарқын алып келеді. Соның айқын дәлелі – ауданда атқарылып жатқан ауқымды істер. Бүгінде ауданның әлеуметтік-экономикалық дамуына серпін беретін бірқатар нысанның құрылысы жүргізіліп, ауылдардың келбеті жаңаша сипат алуда.

Спорт саласында серпін бар

Аудан орталығында бұқаралық спортты дамытуға айрықша көңіл бөлінуде. Қазақстан футбол федерациясымен жасалған меморандум аясында Жалағаш кентіндегі орталық стадион УЕФА-ның «Alan» жобасы негізінде де-мөушілер есебінен қайта жаңғыртылуда. Стадионның жасыл алаңына төсеніштер Еуропадан арнайы жеткізіліп, орналастыру жұмыстарын тәжірибелі мамандар атқарады. Құрылыс жұмыстары жыл соңына дейін аяқталады деп жоспарлануда. Сонымен қатар биыл аудан орталығында дөңешынқтыру-сауықтыру көшені пайдалануға беріліп, жергілікті тұрғындардың спортпен тұрақ-ты айналысуына жағдай жасалды. Мұндай игі бастамалар тек спортшыларды ғана емес, барша жас ұрпақты ынталан-дырады сөзсіз.

Жалпы мемлекет тарапынан салаға көрсетіліп жатқан қолдаудың жемісі де жоқ емес. Бұл сөзімізді жергілікті спорт-шылардың түрлі деңгейдегі додаларда жиі топ жаруы куаттайды.

Жол құрылысы қарқынды

Аудан халқы үшін ең өзекті мәселенің бірі – жол сапасы. Осы бағытта да жүйелі жұмыстар қолға алынуда. Жалағаш кен-тіңдегі бірнеше көшеге күрделі жөндеу жүргізіліп, тұрғындар үшін ыңғайлы жағ-дай жасалуда. Елді мекендердің қиребе-ріс жолдары абаттандырылып, қоғам-дық тәртіпті нығайту мақсатында көше бойларына бейнебақылау камералары орнатылды.

Айта кетейік, биыл Жалағашта жол құрылысы қарқын алып, елді мекен-дердің ішкі көшелері орташа және күр-делі жөндеуден өтуде. Мәселен, биыл ауданның жол саласын дамытуға бюд-жеттен 1,7 млрд теңге қаралған. Тиісті қаражатқа 2,3 шақырымды құрайтын аудандық маңызы бар «Ақсу-Беркімбай көлпе» автомобиль жолы, Жалағаш кенті және М.Шәменов, Қаракеткең, Дал-дабай, Жаңадария, Аққыр, Еңбек елді мекендеріндегі 21 шақырымды құрай-тын 38 көшеге жөндеу жұмыстары жүргі-зілуде. Аталған жобалар толығымен жүзеге асырылған уақытта жақсы және қанағаттанарлық ішкі жолдардың үлесі 88 пайызды құрайды.

«Қызылорда-Жалағаш-Ақсу-Бер-кімбай көлпе» автомобиль жолын күр-делі жөндеу жұмыстарына облыстық



бюджеттен 168,2 млн теңге қаралған. Ал Бұқарбай батыр ауылындағы 11 көшенің құрылысына 403,1 млн теңге бөлінген.

Биыл Жалағаш кентінде де жол құры-лысы қарқын алды. Мәселен, аудан орталығындағы 11 көшенің күрделі жөн-деу жұмыстарына бюджеттен қыруар қаражат қаралған болатын.

Мерәлі Шәменов ауылындағы Жам-был және Ердүзелова көшелерінің күр-делі жөндеу жұмыстарына қазынадан 69 млн теңге бөлінген. Жоба құны 518,3 млн теңгені құрайтын Қаракеткен және Далдабай ауылдарындағы 16 көше де күрделі жөндеуден өтеді. Биыл бұл жұ-мыстарды бастау үшін 165,3 млн теңге қаралған.

Мұнан бөлек жалпы құны 486,5 млн теңгені құрайтын шалғайдағы Аққыр елді мекеніндегі Ы.Ақымыраев, Ш.Есов, М.Ахметов, Аққыр, Н.Тәспенов көше-леріне күрделі жөндеу жұмыстарын бас-тау мақсатында облыстық бюджеттен 180,5 млн теңге қаралды. Бүгінде бө-лінген қаржы шегінде ауылдағы бірнеше көшеге асфальт төселіп, жол жиегіне құма-ралас тас төсеу жұмыстары жүргізілді.

Мұнан бөлек жол саласы бойынша барлығы 3,4 млрд теңгені құрайтын 13 жобаны қаржыландыруға бюджеттік өті-нім жолданған. Алдағы уақытта бюд-жеттің мүмкіндігіне қарай бұл жұмыстар кезең-кезңімен жүзеге аспқ.

Тарқатып айтсақ, олардың қатарында 86,5 млн теңгені құрайтын М.Шәменов ауылына қиреберістен сол және оң жақ көшелердің құрылыс жұмыстары бар. Сондай-ақ дәл осы елді мекендегі 167,1 млн теңгені құрайтын Төшімбетов көше-сінің құрылыс жұмыстары тағы бар.

Кент іргесіндегі Ақсу ауылындағы 3 көшенің құрылысы жұмыстарына қатыс-ты жоба да дайын. Жалпы құны – 294,9 млн теңге. Дәл осы ауылдағы тағы 3 көшенің күрделі жөндеу жұмыстары 106,9 млн теңгені қажет етеді. Ал Аққұм елді мекенінің айналма жолын рекон-струкциялау жұмыстарына 196,5 млн теңге қажет. Мырзабай ахун ауылындағы К.Оспанов және Жаңақоныс көшелерін күрделі жөндеу жұмыстары да 591,9 млн теңгені қажет етеді. Қасындағы Мәдениет ауылының Жаңақоныс көшесін күрделі

жөндеуге де 199,8 млн теңгенің жобасы әзірленген.

Дайын тұрған жобалар қатарында Жаңаталап ауылының 2 көшесі бар. Ішкі көшелерді күрделі жөндеуден өт-кізу үшін 128 млн теңге қажет. Ал шалғайдағы Есет батыр ауылының 4 көшесін күрделі жөндеуге 248,2 млн тең-гені құрайтын жоба дайындалған. Қар-жылай қолдау тапса, мемлекет және қоғам қайраткері Т.Жүргенов атындағы ауылда 8 көше күрделі жөндеуден өтеді. Бұл жұмыстарға 677,9 млн теңге қажет.

Жаңақоныс-Таң аудандық маңызы бар автомобиль жолын реконструкция-лау жұмыстарына да арнайы жоба да-йындалған. Жобаның жалпы құны – 287,6 млн теңге. Ал «Самара-Шымкент-Мә-дениет-Т.Жүргенов-Жаңаталап-Аққыр» аудандық маңызы бар автомобиль жо-лындағы «Қорқытбай» каналы арқылы өтетін автомобиль көпірін қайта жаңар-ту» жобасына 77 млн теңге қажет. «Са-мара-Шымкент-Таң» аудандық маңызы бар автомобиль жолындағы «Бозарық» каналының көпірін қайта жаңғырту» жо-басы 350,6 млн теңгені құрайды. Бұл жобалар қаржылай қолдау тапса, келер жылы да Жалағашта жол құрылысы қар-қын алмақ.

Ауылдар абаттандырылуда

Ауданда ауылдардың дамуына да ерекше назар аударылып отыр. Мәселен, Жалағаш ауданының Таң ауылында өндірістік базалардың құрылысы жүр-гізілуде. Жоба іске қосылған соң күрші қалдықтарынан ұң мақсары майы және макарон өнімдері шығарылып, жергілікті экономикаға тың серпін бермек. Бұл бір жағынан жаңа жұмыс орындарын арттыруға жол ашады. Сонымен қатар Таң ауылына қиреберіс аумағында жүр-гізіліп жатқан 2 пәтерлі 10 тұрғын үйдің құрылысы бүгінде аяқталуға жақын.

Тұрғын үйлердің құрылысы өңірдің әлеуметтік инфрақұрылымын жетілді-руге бағытталған. Бұдан бөлек ауыл орталығынан Ұлы Жөністің 80 жылды-ғына орай боздақтарға арналған «Ер есімі – ел есінде» монументі ашылды.

Бұл – болашақ ұрпаққа тағылым беретін, ел тарихының мәңгілік ескерткіші. Сон-дай-ақ балалар үшін ойын және спорт алаңы ашылып, ауылдың ажары арта түсті.

Еңбек ауылдық округінде де бірқа-тар жұмыс жүзеге асырылуда. Мұнда ауылға қиреберіс арқа салынып, мем-лекеттік рәміздер алаңы, автотұрақ пен жаяу жүргіншілер жолы салынды. Балаларға арналған жаңа ойын алаңы ашылып, ауыл келбетіне серпін берді. Бұл жобалар ауыл тұрғындарының тұр-мыс сапасын арттырумен қатар елді мекеннің мәдени бейнесін жаңартуға ба-ғытталған.

2 789 тонна қатты қалдық полигонға шығарылды

Бұдан бөлек «Таза Қазақстан» рес-публикалық экологиялық жобасы ая-сында ауданның барлық елді мекенінде санитарлық тазарту, көркейту-көгалдан-дыру жұмыстары қарқынды жүргізілуде.

Жыл басынан бері аудан көлемінде 100-ге жуық сөнбілік ұйымдастырып, барлығы 1300 тоннаға жуық қатты қал-дықтар белгіленген орындарға арнайы техникалар арқылы жеткізілді.

Сонымен қатар «Таза Қазақстан» республикалық экологиялық жобасы аясында аудан көлемінде «Таза қала», «Болашақты бірге отырғызамыз», «Өз ағашыңды отырғыз» және «Мөлдір бу-лақ» санитарлық тазарту, көркейту және көгалдандыру апталықтары өткізіліп, барлығы апта сайын 3000-ға жуық адам, 27 арнайы техника қатысты. 2789 тонна қатты қалдықтар полигонға жеткізілді.

Жалағаш ауданының елді мекендерін көгалдандыру және жасыл аймақ құру туралы жоспарына сәйкес биыл ауданда 23 800 тұп ағаш отырғызылды.

Жалпы сөнбілік жұмыстарына жер-гілікті халық та жауапкершілікпен қа-райды. Мәселен, аудан жұрты әр сөнбі сайын өңірдегі тазалық жұмыстарында белсенділік танытып, ауданның абатта-нуына өз үлесін қосуда.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Фибрат

Қаһарман ағамыз имандылығы жарасқан азамат еді. Адамзат баласының бойы мен санасына имандылық қасиет туған жердің топырағы мен әке тәрбиесі және ананың сүтімен дариды. Осы қасиет ағамыздың бойына дарыған.

Өмір жолы өнеге



Адам деген – үлкен тұлға, ешкім теңеу таппаған. Қаһарман аға – теңеуі жоқ, дара туған адам. Бойына біткен біліктілік пен адамгершілік қасиеті арқылы Сыр елінің екі бірдей ауданына басшы болып, халықтың сенімін ақтаған. Сол тұста ақыл-ойы толысқан заманының парасаты тұлғасы өкешің еңбегімен дәлелдеді. Жиырма жыл көрші болып, бірге жүріп ағамыздың сыпайы, адамгершілігің, ініге деген ізеттілігің толық білгесін ер тұлғалы асыл азаматтың бойына біткен ерекше қасиеттерін тарқатайын.

Қазақта «бірге туған мен бірге өлмек жоқ» деген ұлағатты сөз бар. Сондықтан бірге қатар жүрген азаматтың елге жасаған қызметің, қатар құрбыларға деген ақжарқын көңілі мен оның ылтипатын еске алу – әрбір сыйластықты, саналы азаматтың парызы.

Адам болып біз келгенбіз өмірге, Кір келтірмей жасайықшы көңілге. Дос пен туыс аражігін айырмай, Талпынайық қатар бірге жүруге. Ойланайық, түсінейік азамат, Бұл жалғанда сыйластықтан не қымбат?! Мансапқорлық, байлық қолдың кіріндей, Жоғалтқанда өтерміз біз қанағат.

Осы өлең шумақтарынан Қаһарман ағамыздың ой-өрісі мен өмірлік ұстанымының қандай құндылыққа негізделгенін аңғару қиын емес. Оны көзімізмен көріп, тазалығына тәнті болғандықтан осылай жазып отырмын. Ағамызды Сыр халқы толық біледі деп ойлаймын.

Қазақ халқында «Көп жасаған не білер, көргені, білгені болмаса» деген ұлағатты сөз бар. Қаһарман аға 84 жас өмір сүріп, өзінің рухани байлығын шындап, көп кітап оқыды. Соның ішінде Шығыстың ғұламалары Фердауси, Омар Хайям, С.Шерази, А.Жами, А.Новаи, Физули, Махтұмқұлы шығарма-ларын көп оқитын. Ол шығармаларда жазылған «Шын сөзің майдай қасқа келер, ойланбаған опық жейді, ашыққаннан құ-ныққан жаман, тырманың басын баста, сабы маңдайыңа тиер» деген мағыналы сөздерін санасына сіңіріп есті. Білімді тұлға болғандығын үйіндегі жинақтап сақтаған кітаптардан көрдім. Сондықтан оның әрбір сөзі найзағайдың жарқылындай жалын-ды әрі өткір болды.

Ағамыз білікті адам болғандықтан биліктен қаймықпай шындықты бетке айтудан ешқашан тартынған емес. Сол се-бепті биліктегі басшылар оны сыйлап, билік басындағы ініле-рінің шынайы көңіліне ағамыз риза болатын. Қазіргі бірлік пен татулықты ойлайтын ондай біртуар азаматтар көп емес. Қаһар-ман ағамыз ерқашан татулық пен бірліктің үлгісі болды.

Имандылық – мұсылманның рухани қазығы. Алпаңы бар-лығына, бірлігіне сену нем көміл иман ету керек. Имандылық бар жерде иман бар, иман бар жерде міндетті түрде иманды-лық болуы тиіс. Қаһарман ағайды имандылықты өмірлік ұста-нымына айналдырып, айналасындағы адамға жайдары жүзбең, риясыз көңіл ізгі ниетпен қарым-қатынас жасайтын жақсы адам болу екінің бірінң қолынан келмес. Маған «бөрекелді, жүзі жы-лы, иманды, тәрбиелі адам екен» деп сүйсініп отыратын. Қа-сына еріп, жирма жыл бірге жүрдім. Сол кездері ағамыздың имандылық пен көркем мінезінің, биік парасатының, бекзаттық-тың биік дінгегін, адамгершілік қасиетін көріп, өзіме үлгі еттім.

Қаһарман аға қайырымды адам болатын. Өзге адамдарға пайдасын тигізетін. Шын мәнінде ағамыз отырған орнында халықты имандылыққа, парасаттылыққа шақыратын. Ақкөңіл адам еді, оны ұмытуға болмайды.

Қоғамдағы қолайсыз жағдайларға Қаһарман аға білек сыбанып қарсы тұрып, әділдіктің орнауына жұмыс жасайтын. Билікке анық айтудан тайынбаған тұлға болғаны тағы белгілі.

Қарақалпақ халқында «көңіл көңілден су ішер» деген сөз бар. Түсінесіз, су да суықта тез қатады. Өте орынды айтылған сөз. Адамның көңілі өте сезімтал болғандықтан тұрпайы сөзден тез шошынып, көңілі қатады. Мұны түсіне білетін Қаһарман аға ешқашан көңілге тиетін орынсыз сөз айтпайтын. Әділетті қоғамды аңсаған армандарына сүйсініп қарап, оның сарқырама суындай буырқанған қайтпас қайратына таңырқайтын едім.

Елге сыйлы, қадірлі, абыз ағаның бойында ақыл мен пара-сат болды. Ерші апамызбен қартайғанша тату-тәтті өмір сүрді. Алты қызды дүниеге әкеліп, тәрбиелеп, ұзатып, олардан немере сүйіп, үлгілі отбасы болды. Олардың арасындағы бір-біріне деген құрмет пен сыйластық жақсы болды. Қаһарман ағамызды «ерім, пірім» деп құрметтейтін. Ерші апамыз да ұшқан уәсынан өке-шешенің тәрбиесін көрген, қазақтың салт-дәстүрін жетік білетін.

Иә, ол отбасында асқар тау өке болды, қоғамға да талмай еңбек етті. Оның өнегелі өмірі – өскелең ұрпаққа үлгі.

Сабет ДАРИБАЕВ,
СССР және Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау саласының үздігі



Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы: онлайн кезеңнің аяқталуына 8 күн қалды

Қазақстан Республикасы Президентінің тапсырмасы мен Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 29 желтоқсандағы «Ұлттық ауыл шаруашылығы санағын өткізу туралы» №1248 қаулысы негізінде аймағымызда Ұлттық ауыл шаруашылығы санағы 2025 жылдың 1 тамызы мен 20 қазаны аралығында өтеді.

2025 жылдың 1 тамызынан бастап аудан бойынша ұлттық ауыл шаруашылығы санағының онлайн кезеңі басталған болатын. Қазіргі таңда sanaq.gov.kz сайтынан ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері мен шаруа-фермерлік қожалықтар, үй шаруашылықтары порталдағы санақтың сауалнама парақтарын қа-шықтан өз бетінше толтырып өтуде.

Бүгінде аудан бойынша жос-парланған 1 276-ға жуық респон-денттің 85 пайызға жуығы санақтан онлайн өтті. Санақтан өту үшін бар-

лық кент және ауылдық округ әкімі аппараттары «Өзіне өзі қызмет көр-сету» орындарында, сонымен бірге аудандық статистика бөлімдерінің ғимараттарында интернет байланы-сымен қамтамасыз етілген орындар-да ұйымдастырылуда.

Заңды тұлғалар, дара кәсіпкер-лермен шаруа-фермер қожалықтары сияқты шаруашылықтың барлық

ұйымдастырылған нысандары он-лайн сауалнамадан sanaq.gov.kz сайтынан өз бетінше өтуі тиіс. Эко-номикалық қызмет түрлерінің жал-

пы жіктеуіші (ОКЭД) бойынша қыз-меті мал шаруашылығы, өсімдік шаруашылығы немесе балық шаруа-шылығымен айналысатындардың барлығы санаққа қатысуға міндетті.

Егер респонденттің сауалнама парағын толтыру кезінде қандайда сұрақтары туындаса, арнайы дай-ындалған жасанды интеллект ар-қылы жауап беретін sanaq-Murza ви-ртуалды көмекшісіне жүгіне алады.

Сондай-ақ 1446 нөмірі бойынша бюроның байланыс орталығына ха-барласуға болады. Қоңыраулар са-ғат 9:00-ден 18:30-ға дейін, ал он-лайн сауалнама басталған кезеңде тәулік бойы аптасына жеті күн қабыл-данады.

Екінші кезең – интервьюерлердің үй шаруашылықтарын жеке-жеке аралауы, ол 2025 жылдың 20 қыр-күйегі мен 20 қазаны аралығында өтеді.

Санақ барысында ауданымыздан барлығы 6,5 мыңнан аса үй шаруа-шылығын қамту жоспарланған.

Біз азаматтарды санаққа саналы түрде қатысуға шақырамыз, өйткені ұлттық ауыл шаруашылығы санағы – Қазақстанның аграрлық секторын және азық-түлік қауіпсіздігін тұрақты дамытуға арналған стратегиялық ма-ңызы бар іс-шара. Алынған деректер тиімді мемлекеттік саясат пен бар-лық деңгейдегі ауыл шаруашылығы өндірушілерін қолдауға негіз болады. Барлық қатысушы тарапты өздерінің азаматтық ұстанымын танытып, са-наққа белсенді түрде қатысуға шақы-рамыз.

АУЫЛ ШАРУАШЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!

АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ – ЕЛ БАЙЛЫҒЫ САНАҚҚА ҚАТЫС, ҮЛЕС ҚОС!

Сельское хозяйство – богатство страны внеси вклад, участвуй в переписи

Ауыл шаруашылығы санағы

1 тамыз-31 тамыз

sanaq.gov.kz сайтында санаққа онлайн түрде қатысу

20 қыркүйек-20 қазан

Үй шаруашылықтарында интервьюерлердің сауалнама жүргізуі

Сельскохозяйственная перепись

1 августа-31 августа

Участие в переписи онлайн на сайте sanaq.gov.kz

20 сентября-20 октября

Проведение опроса домашних хозяйств интервьюерами

1446

www.sanaq.gov.kz

4 ДЕНСАУЛЫҚ

Бөлімдегі бір күн

№63 (10156) 23 тамыз, 2025 жыл

Басымыз ауырып, балтырымыз сыздай қалса, дереу дәрігерлердің көмегіне жүгінеміз. Оның нұсқаулығымен бірнеше қан талдауларын жасап, соның шешіміне қарай ем-шара қабылдаймыз. Қазір бұрынғыдай анализ қорытындысын бір жеті күту немесе басқа қалаға жіберу деген мүлде жоқ. Себебі аудандық емханадағы зертхана бөлімі арқылы қажетті анализ тапсырып, кез келген ауру түрін бір күнде анықтауға болады.

Аталған бөлімнің жұмысымен танысу үшін арнайы емханаға аялдадық. Бөлім меңгерушісі Гаухар Мұстафаева – мұнда 30 жылдан бері еңбек етіп келе жатқан білікті маман. Айтуынша, зертхана бөлімінде аудан бойынша 32 қызметкер бар. Оның 16-сы аудандық емханада, 7-еуі ауруханада, ал қалған қызметкерлер елді мекендерде еңбек етуде.

– Бөлім барлық анализ түрлері бойынша жұмыс жасайды. Мұнда гематологиялық, жалпы клиникалық, биохимиялық, иммунологиялық, цитологиялық, серологиялық зерттеулер жүргізіледі. Күнне гематологиялық анализдің өзі 150-ге жуық науқастан, ал биохимиялық 120, иммунологиялық 100-ге жуық адамның анализінің қорытындысы шығады. Жалпы барлығын қосқанда күніне 400-ге жуық науқастың қан талдауларының қорытындысын дайындаймыз. Оның ішінде балалар да, ересектер де бар, – дейді Гаухар Әскербекқызы.

Емханадағы зертхана бөлімінен бөлек ауруханада шұғыл зертхана орталығы бар. Онда мамандар науқастарға тәулік бойы қызмет етіп,



зерттеулер жүргізеді, яғни қабылдау бөліміне түрлі сырқатпен түскен науқастардан тиісті анализдер алынып, талдау қорытындысы науқастың сырқатына қарай бөлімдерге жіберіледі.

Медициналық зертханалық анализдер өртүрлі аурудың алдын алу мақсатында жүргізіледі. Аталған зерттеулер қандай сырқат түрі бойынша алынатынын тарқатайық. Мәселен, гематологиялық анализ қанның жасушалық құрамын зерттеуге бағытталған, яғни анемия (қаназдық), лейкопения (қан обасыры), бактериялық немесе вирустық инфекциялар, имунитеттің бұзылыстары мен қан

үю жүйесінің бұзылыстарын дер кезінде анықтауға арналған. Ал жалпы клиникалық анализ бүйрек және несеп жолдарының ауруларын, ас қорыту

жүйесінің ауруларын, ішек инфекцияларын, өкпе ауруларын – туберкулез, бронхит және қант диабеті ауруларын, ұйқыбезбұзылыстарын анықтайды. Мұнан бөлек биохимиялық анализдер қандағы химиялық заттардың деңгейін зерттейді. Ол бауыр ауруларын, бүйрек жеткіліксіздігін, қант диабетін, жүрек ауруларын, ұйқыбезбұзылыстарын анықтайды. Ал иммунологиялық анализ имундық жүйенің жұмысын бағалау, антиденелер мен антигендерді анықтауға бағытталған. Мәселен, жұқпалы аурулар вич, В және С гепатиттері, аллергиялық аурулардың алдын алады.

Айта кетейік, мұнда биохимиялық талдау, иммунологиялық талдау, цитологиялық талдау, гематологиялық талдау, центрифуга бөлмесі бар. Сондай-ақ зертхана заман талабына сай заманауи зертханалық аппараттармен

қамтамасыз етілген.

Мәселен, мұнда иммунологиялық зерттеу IFlash 1800 YHLO заманауи автоматтандырылған анализатормен жүргізіледі. Бұл анализатор көмегімен қалқанша безі гармондары, бүйрекүсті безі гармондары тексеріледі. Биохимиялық BioSystems-400 анализатормен иммунологиялық IFlash 1800 YHLO заманауи автоматтандырылған анализатормен және ImmunoChem-2600 анализаторлармен жүргізіледі. Гематологиялық зерттеу Swelab Alfa, MicroCc-20Plus анализаторларымен жүргізіледі.

Бұл құрылғылардың көмегімен мамандар дәрігерлерге дұрыс клиникалық диагноз қоюға және дұрыс емдеуді тағайындауға мүмкіндік береді.

Сезім НҰР

Айтпайын десең...

Перзентханадан салтанатпен шығару: дәстүр ме, мақтаныш па?



Өмірге сәбидің келуі кез келген шаңырақты шаттыққа бөлейді. Сондықтан перзентханадан дүниеге келгеніне бір жеті болмаған баласын сән-салтанатпен шығарып алуды әсіресе жастар жағы дәстүрге айналдырған. Сөбиін айналып, қуанышын көпшілікпен перзентхана алдында тойлауды жөн көретіндер көп. Алайда дүниеге келе салысымен қан сақтау бөлімінде өмір үшін күресіп жатқан кішкентай шақалақтар мен баласынан айырылып, қайғыдан қан жұттып отырған ананың жай-күйін ойлап жатқан кім бар? Бұл бөлімнің тек бақыт сыйлап қана қоймай, кейде қайғымен бетпе-бет келетіні жасырын емес. Перзентханадан думандатпай-ақ баламен шығудың өзі бір бақыт, ал баласыз шығу қасірет екенін біле тұра, неге ескермейміз? Тақырыпты талдап көрейік...

46 сәби дамымай қалған

Қазіргі таңда жастар арасында жас ананы сәбиімен перзентханадан ұланасыр той жасап шығарып алу сөнге айналған. Қоғамда «Қазақ еліне +1 батыр», «Спасибо за дочку» сынды жазуларды қымбат көлікке жабыстырып алып, аниматорлармен түрлі аспапта ойнайтын әншілер шақырып, перзентхана алдында ұлы той жасайтындар көп. Десе де қуаныш пен қайғының қатар жүретінін ұмытпаған жөн. Себебі перзентханадан барлық ана баласымен аман-есен шығатынына ешкім кепілдік бере алмайды. Күнделікті бөлім алдында болатын қуанышқа терезеден телміріп қарап отырып, «мен де осылай сәбиіммен қашан шығады екенім» деп шарасыз күйде көз жасын көрсетпей сығып алатын аналар да бар. Барлық жүктіліктің соңы қуанышпен аяқталмайтынын осыдан-ақ ескеруге болады. Себебі қоғамда жүкті аналар да мерзімінен бұрын босану, бала-ның іште дұрыс дамымай қалуы сынды диагноздар бар. Мамандардың айтуынша, құрсақтанғы шарананы дамымай қалуы кез

келген жастағы келіншектерде орын алып жатады, яғни баланың белгілі себептермен іште дамуы тоқтап, өспей қалады. Салдарынан баланың анасының құрсағында жатып жүрегі тоқтайды. Мәселен, аудандық перзентхана бөліміне жыл басынан бері 46 ана дамымай қалған жүктілік диагнозы бойынша түскен. Құрсағына енгенмен құшағына еңбеген баласының жағдайы кез келген ана үшін орны толмас ауыр қайғы.

Бұл жағдайды мамандар жүкті әйелдің дұрыс тамақтанбауы, тұмау сырқатымен ауыруымен, немесе стресс түсіп, жүктілік кезінде тыйым салынған дәрілерді қабылдауымен байланыстырады. Сондықтан олар үнемі жүкті келіншектерге ең алдымен дұрыс тамақтанып, дәрігердің бақылауына уақытылы келуін, бала саулығы үшін дәрумендерді уәбей ішуін ескертеді.

Тақырыпты толық тарқату үшін әлеуметтік желіде оқырмандарға сауал жолдадық. Ең алғашқы жауап жас ананың бірінен келді. Ол – екі баланың анасы. Айтуынша, перзентхана бөліміндегі дәрігерлердің көмегімен сәбилерімен аман-есен қауышқан. Жолдасы қуаныштарын

достарымен бөлісіп, шекесі торсықтай екі ұл сыйлаған келіншегің дүркіретіп алып шыққан. Жас ана күйеуінің бұл қылығын өзіне көрсетілген сый-құрмет деп түсінді. Сөзіне сүйенсек, оның қазір үшінші баласына аяғы ауыр. Қазірден жолдасы баласымен қауышар күнді тағатсыздана күтіп жүр. Ол «өмірге кішкентай адамның келуі қуаныш, сондықтан оған жасалған тойға ешкім наразылық білдірмеуі керек» деген пікірде. Сондықтан ол перзентханадан сәбін дүркіретіп алып шығатын отбасыларды қолдайды.

Көп күттірмей келесі жауап көпбалалы анадан келді. Ол хабарламасында бірде-бір баласын перзентханадан дүркіретіп алып шықпағаны жөнінде жазыпты. Сондай-ақ бұл үрдіске қарсылығын да білдірді.

– Қандай қуаныш болса да елдің назарында болмаған жөн. Перзентхана бөлімінде түрлі жағдай орын алып жатады. Бірі бала сүю бақытына ие болса, енді бірі өкінішке орай баласынан айырылып қалады. Қуанышты медициналық мекеме алдында емес, үйде тойлау керек. Баласын

дүркіретіп алып шығуға барлығының бірдей жағдайы жете бермейді. Қазір жастар арасында бәсекелестік белең алған. Бір-бірінен қалыстау үшін қаншама қарақат құртып, ана мен баланың мазасын қашырып жатады. Негізі жаңа туған нәрестені де, ананы да көптің көзінен 40 күнге дейін алшақ ұстаған жөн, – дейді Гүлзабида Бектемірова.

Иә, сөзінің жаны бар. Қазір қандайда бір қуанышты дүркіретіп тойлау да бәсекелестік пайда болған. Бірінен бері асып түскісі келетіндер қымбат көлік, 101 роза, түрлі мультфильм кейіпкерлерінің киімін киген аниматорлар жалдап өлөк. Жыл сайын туған күнімде өжем жиі еске салып отырады, кезінде мені перзентханадан трактормен шығарып алған. Ол кезде аналарымыз қазіргідей қымбат көлік, гүлсіз ақ үйлеріне аман-есен шыққанына шүкіршілік айтып қуанған. Ал өкелер жағы жыл сайын дүниеге ұрпағын өкелген әйеліне дүркіретіп той жасамақ түгіл, перзентханадан шығарып алуға да қолы тимеген. Көпке топырақ шашпаймын, алайда қазір кейбір өкелер тұңғышын босанған әйеліне темір түппар сыйлап, оны мақтанышпен бөлім алдына көлденең қоюды шығарған. Осындай оқиғаларды көргенде кей өкелің бұл тірілігіне қарап, «балалы болғанына шынымен қуанғаны ма, әлде достарының алдында мақтанысы келді ме?» деген ой келетіні жасырын емес.

216 бала дүниеге келген

Аудандық перзентхана бөлімінде жыл сайын 400-ден аса сәби дүниеге келеді. Бұл орталықта босанған ана да, өмірге келген сәби де аман-есен өз отбасына қауышсады. Білікті мамандардың арқасында мұнда ана мен бала өлімі тіркелмеген. Жыл басынан бері 216 бала дүниеге келген. Оның 119-ы – ұл, 97-сі – қыз бала. Қазіргі таңда бөлімде ана бақытына бөленген 5 әйел бар.

Әрине, ана мен бала өміріне жауапты болу оңай емес. Десе де бөлімге түскен аналардың қуанышына қуанып, ауырталығын қайымылқы көтеретін перзентхана бөлімі сәт сайын түрлі тағдар иелерімен жолығады. Адамға өмір сыйлайтын құтты мекенде әр минут санаулы әрі бағалы. Себебі әр сәт қуанышқа, бақытқа толы. Олар әрбір ананың дені сау ұрпақты дүниеге әкеліп, отбасына аман-есен қауышқанынан артық бақыт жоқ деп біледі. Себебі мұндағы ақхалаттылар бір емес, екі адамның өміріне тікелей жауапты. Сондықтан олардың жұмысына кедергі келтірмей, қуанышты әр адам өз шаңырағында жақындарымен тойлаған жөн. Әрине, ерік өзінде, десе де қуанышты дүркіретемін деп, қайғының қара жарасын тырпап алмасаңызы болғаны...

Ақтоты БҰРКІТБАЙ

Маман мерейі

Кеше тілшілік тіршілікпен аудандық емханаға аялдадық. Әдеттегідей мұнда әр дәрігердің алдында кезек күтіп тұрған науқастар көп. Оның басым көпшілігі құлақ, мұрын ауруын емдейтін маманның қабылдауына келген. Әсіресе мұнда баласын жетектеп жүрген жас аналардың қатары қалың. Себебі соңғы жылдары балалар арасында құлақ ауруы көбейген.

Антына адал Анар



Иә, бұл сөзімізді лор маманы Анар Төремұрат та жоққа шығармады. Ол соңғы жылдары ауданымызда мұрынмен дұрыс жұмыс жасай алмайтын 2 мен 5 жас аралығындағы балалар арасында іріңді отит жиі кездесіп жатқанын айтады. Қарапайым тілмен айтқанда, балаға суық тигенде, яғни тұмаурастып ауырғанда құлақтан бұлақ ағып, дене қызуы көтеріледі. Білікті маман бұл дерт балалар арасында жиі кездеседі және көп жағдайда ата-аналар ауруды асқындырып алғанда ғана емдеуге алып келетінін айтып.

Мұндағы кезекте тұрған жас ананың бірін өңгімеге тарттық. Ол бүгін дәрігерге көрсетуге 3 жасар қызын әкеліп отыр екен.

– Қызымның былтырдан бері құлағынан ірің ағып жүр. Бүгінге дейін бірнеше дәрігердің көмегіне жүгініп, қажетті ем-шарасын жасадық. Кішкене салқын тиіп немесе тұмаурастып бастағанда құлағы да қоса ауырады. Қызылордадағы жеке клиникаларға да барып қаралдық. Бірақ ешқайсысынан оң нәтиже болмады. Анар дәрігермен танысқалы тек соның көмегіне жүгініп жүрміз. Себебі оның баламен жылы сөйлесуі, жүргізетін ем-шаралары ұнайды. Біраздан бері қызымның құлағынан ірің ағуы тоқтаған болатын. Алайда жақында таңғы 4-ке таман қызым ұйқысынан «құлағым ауырды» деп жылап ояңды. Дерек дәрігерін тамызып, жедел жәрдеммен ауруханаға келді. Таңертең Анар дәрігер қызымның құлағын тексеріп, қажетті дәрілерін жазып берді. Алғаға шүкір, қазір құлағының ауырғаны қойды, іріңі де тоқтады. Сонда да дәрігерге бір тексеріп алуға келіп отырмын, – дейді Алтынай Қожаева.

Кейіпкеріміз «Балалар бұл сырқат түрімен ауырмас үшін үйдегі ата-аналар алдын ала қандай шара қолдану керек?» деген сұрағымызды да жауапсыз қалдырмады. Шыны керек, қазір қоғамда баласының саулығына бейжай қарайтын аналар жоқ емес. Ол жас аналар аяғы ауыр кезде барыша өз денсаулығын күтіп, баласының саулығы үшін тұмаумен ауырмау қажеттігін ескертті. Сондай-ақ балалар тұмау болып ауырып бастаған сәтте ең алдымен мұрынды емдеу керектігін айтып. Мұрын мен құлақтың ортасында есту түтікшесі орналасқан. Егер бала дер кезінде мұрындығы сұйықтықты сыртқа шығара алмаса, ол құлаққа қарай кетіп, салдарынан іріңді отитпен ауырады. Ал егде жастағы кісілер жасының ұлғаюына байланысты есту қабілеті төмендегені бойынша тексерілуге келеді.

Білікті маман күніне кем дегенде 20 науқас қабылдап, оларға тиісті ем-шара жүргізеді. Мұнан бөлек дәрігердің қабылдауына тіркелмей, шұғыл көмекке жүгінетіндер мен ауруханадағы бөлімдер де, атап айтсақ, терапия, хирургия, жұқпалы аурулар бөлімінде жататын науқастарға да кеңес беріп, тексереді.

– Лор маманы ретінде жұмысқа қабылданғанымда ең алғаш алдыма мұрны қанап 5 жасар қыз келді. Әжесінің айтуынша, далада ойнап жүрген жерінде немересінің мұрны қанап, біразға дейін тоқтамаған. Біз мұрнынан қан кетуді тоқтатып, анализ тапсыруға жібердік. Талдау нәтижелерінің қорытындысы бойынша қыз баладан тромбоцитті 6 екені анықталды. Негізінде тромбоцит 180-нен жоғары болу керек, яғни баланың тромбоциті түсіп кеткен. Бұған дейін мұрны қатты қанамағандықтан аса мән берілмеген. Кейін Қызылордадағы және Алматыдағы мамандардың көмегіне жүгініп, толық ем алды, – дейді кейіпкеріміз.

Ол 40 жасқа таяған әйел адамның құлағын тексеру барысында қызық жағдайға тап болғанын айтып. Сөзінен, науқастың бірнеше күннен бері құлағы ауырған. Анар Бахытбекқызы науқасты тексеру барысында құлақты жібітіп жұмақ болады, алайда құлақтың ішінде бір қатты зат барын аңғарады. Қанша жуса да, ол затты жібіте алмай арнайы құралдардың көмегімен сыртқа шығарады. Зерттеп қараса, әлгі зат қатты мақта. Сол кезде науқас осыдан екі жыл бұрын құлағы ауырғанда ақшыл клиникаға барып, тазалатқанын айтады, яғни әлгі мақтаға дәрігерлер дәрі жағып, құлағына салып береді, одан кейін науқас оны алуды ұмытып кеткен. Салдарынан 2 жылдан бері әлгі мақта құлақтың ішіне терең еніп кеткен. Кейіпкеріміз осындай жағдай орын алмас үшін дәрігердің бақылауында болып, уақытылы тексерістен өтіп тұру керектігін ескертті.

Айта кетейік, дәрігерді бұл салаға әкесі Бахытбек баулыған. Кішкентайынан «менің қызым дәрігер болады» деген сөзді естіп өскен бойжеткен мектеп бітірер шақ таяғанда осы саланы таңдауға бел буған. Ол Ақтөбе қаласындағы Марат Оспанов атындағы Батыс Қазақстан медициналық университетінде 10 жыл білім алған. 5 курсты бітіргеннен кейін әр студент медицинаның ішінде өзіне жақын саланы таңдайды. Алайда дәл сол жылы барлық сала жабылуына байланысты Анар Бахытбекқызы интернатурадан жалпы тәжірибелі дәрігер мамандығын меңгеріп шыққан.

Алғашқы еңбек жолын кентке қарасты Қаракеткен елді мекенінде жалпы тәжірибелі дәрігер болып бастаған. Білімін жетілдіру үшін кейіпкеріміз 7 курстан кейін тар буында маман болу үшін резидентурада білім алуға құжат тапсырып, қайтадан Ақтөбе қаласында 3 жыл білім алып келген. Айта кетейік, білікті дәрігермен қатар мұнда мейіргер Диана Нұрланқызы да саналы ғұмырын тұрғындардың саулығына арнап, ерен еңбек етіп келеді.

Ақтоты ЕРЖАНҚЫЗЫ

Меншік иесі:



жауапкершілігі
шектелуі серіктестігі

Бас директор
Марат АРАЛБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:

Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.

“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті КР СТ ISO 9001-2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның сейсенбі, сенбі күндері шығады.

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.

Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сәнімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.

Тел.: 8(7242) 40-06-68.

Газеттің таралымы бойынша

31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08

телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 2763 Тапсырыс №1421

Кезекші редактор: Ақтоты БҰРКІТБАЙ